

Қазақстан Республикасы экология және
табиғи ресурстар министрлігі



«Қазгидромет» РМК

20.07.2026 ж. №53 бюллетеньге түзету

2026 ж. «21» шілде күніне арналған

**Қазақстан Республикасының таулы аумағы бойынша жаңбыр генезисті сел
қауіптілігінің күнделікті бюллетені**

(бюллетеньнің қолданылу мерзімі: 2026 жылғы 21 шілде сағат 10:00-ден 21 шілде сағат 20:00-ге дейін)

құрастырылған күні: 21.07.2026 ж.

Мекен жайы: Алматы қ., Абай д., 32
Астана қ., Мәңгілік ел д., 11/1

Сел үдерістерін зерттеу және
селді болжау басқармасының
басшысы:

Яфязова Р.

тел.: 8(727) 267-53-38

e-mail: seli@meteo.kz

Кезекші синоптик:

Алданбергенова А.
/Канаева Б.

тел.: 8(7172) 79-83-75

e-mail: ukpp@meteo.kz

2026 жылғы «21» шілдеге

Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жаңбыр генезисті сел қауіптілігі туралы Кеңес беру

Облыстар	Сел қауіпті аудандар	Гидрометеорологиялық жағдай
Алматы	Іле Алатауы	Қар климаттық қар сызығынан жоғары аумақтарда жекелеген дақтар түрінде сақталған. Нөлдік изотерма таңғы сағат 5-те 5240 м биіктікте болды. Орташа тәуліктік ауа температурасы 0,3-1,7 °С өсті, биік таулы аймағында – 0,1 °С. Орта таулы аймағында топырақ ылғалдануы жоғары. Күндіз өткінші жаңбыр (1-14 мм), найзағай, күннің екінші жартысында қатты жаңбыр (15-20 мм). Іле Алатауында қарқынды ұзақ жауын-шашын түскенде сел түзілуі мүмкін. Кіші Алматы және Үлкен Алматы өзендері алаптары үшін, сел қалыптастырушы факторлардың критериалды мәндеріне жеткен кезде, дауылды ескерту берілетін болады. Сел қауіпті ауданда тәртіп ережесін сақтаңыз.

Бюллетеньді құрастыру кезінде «Қазгидромет» РМК бөлімшелерінің деректері мен ақпараттары, Жер туралы ғылымдар орталығы (GFZ) Потсдам, Германия ұсынған MODSNOW құралы пайдаланылады

Жаңбыр генезисті сел қауіптілігінің деңгейі (1 Қосымша)

!!! Ескерту: Сел қауіпті ауданда тәртіп ережесін сақтаңыз (2 Қосымша)

Жаңбыр генезисті сел қауіптілігінің деңгейі

Сел қауіптілігінің деңгейлері	Сел қауіптілігінің деңгейін анықтайтын факторлар	Қауіптілік дәрежесі	Қорғау шаралары
	Маусымдық қар сызығы жайғасуының, ауа температурасының, топырақ ылғалдылығының жоғары мәндері; болжамды сұйық жауын-шашын мөлшері ≥ 30 мм (өте қатты жаңбыр) немесе нақты жауған сұйық жауын-шашын мөлшері ≥ 40 мм	Халық пен шаруашылық нысандары үшін үлкен қауіп	Мемлекеттік басқару органдары мен халықты хабардар ету.
	Маусымдық қар сызығы жайғасуының, ауа температурасының, топырақ ылғалдылығының жоғары мәндері; болжамды сұйық жауын-шашын мөлшері 15-29 мм (қатты жаңбыр)	Халық пен шаруашылық объектілері үшін потенциалды қауіп	Мемлекеттік басқару органдары мен халықты хабардар ету.
	Маусымдық қар сызығы жайғасуының, ауа температурасының, топырақ ылғалдылығының салыстырмалы түрде төмен мәндері; болжамды сұйық жауын-шашын мөлшері 15-29 мм (қатты жаңбыр)	Төмен таулы аймақта селдің пайда болу аймағында адамдар үшін потенциалды қауіп	Мемлекеттік басқару органдарына және халыққа хабарлау.
	Төмен ауа температурасы, топырақтың ылғалдылығы, сұйық жауын-шашынның болмауы.	Қауіптілік жоқ	Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелерін сақтау, «Абайлаңыз, сел қауіптілігі бар телім» ескерту қалқандарын назарға алу

Сел қауіптілігінің белгілері және Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелері

Тауларға бару және онда болу жоспарланғанда, ауа райының өзгерістерін және дауылды ескертулерді бақылау қажет. Сел қауіпі туындаған жағдайда, сел қауіпі бар аймақта тәртіп ережелерін сақтау керек. Сел ағынының тереңдігі 40-50 м жетуі мүмкін (әсіресе арнаның бұрылыстарында), ағынның қозғалу жылдамдығы-5-10 м/с және одан жоғары (жекелеген жағдайларда 15-20 м/с дейін) болады. Егер адам сел ағынына түссе, өлімге алып келуі сөзсіз, сондықтан қауіпсіздік шараларын сақтау ерекше мәнге ие болады.

Қатты жауын-шашынның түсуінен туындаған сел қауіптілігінің белгілері

- ✓ Өзендегі судың шығыны мен лайлылығының күрт артуы.
- ✓ Өзен арнасының жоғарғы бөлігінде балшық шаңы бұлтының және гүрілдің пайда болуы.
- ✓ Селге жақын жерде топырақ беткейін шайқау.

Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелері

- ✓ Өзен арнасына (жайылмасына), құрғақ арнаға және көл бөгетіне жақын жерде демалуға және шатырлы лагерь құруға болмайды.
- ✓ Бақылаушыны алға қойыңыз, сонда ол алда не болып жатқанын көреді және төнген қауіп туралы ескертеді, сонымен қатар өзеннен су алуға барғанда.
- ✓ Сұйық жауын-шашынның қарқынды түсуі және сел қауіптілігінің басқа да белгілері кезінде өзен арнасынан (жайылмасынан), құрғақ арнадан алыстау және аңғардың баурайы бойынша 40-50 м жоғары көтерілу.
- ✓ Сел өткен кезде одан өзен арнасының бойымен қашуға болмайды, аңғардың баурайы бойымен 40-50 м жоғары көтерілу керек (сел тасқынынан тастар ұшуы мүмкін).
- ✓ Тік жартастар мен тік беткейлердің астында тоқтамаңыз (топырақ беткейінің шайқалуынан, сел жақын жерде, құламалар мен тастың түсуі болуы мүмкін).
- ✓ Сел өткеннен кейін өзен арнасына түспеу, өйткені арнада сел қайта қалыптасу мүмкін.
- ✓ Сел жүріп өткеннен соң беткейлердің сырғуынан, үзілген немесе салбырап тұрған электр сымдарынан, бүлінген газ магистралынан абай болған жөн.

2026 жылғы «21» шілдеге
ҚР таулы аудандары бойынша ауа-райы болжамы

Іле Алатау	Күндіз өткінші жаңбыр (1-14 мм), найзағай, күннің екінші жартысында қатты жаңбыр (15-20 мм) . Оңтүстік-батыстан жел соғады, күші 9-14, кей уақыттарда екпіні 15-20 м/с. 2000 м: Ауа температурасы түнде 16-21, күндіз 25-30 градус жылы. 3000 м: Ауа температурасы түнде 10-15, күндіз 18-23 градус жылы. 22-23 шілдеде: жаңбыр (1-14 мм), кей уақыттарда қатты жаңбыр (15-25 мм), найзағай, күндіз бұршақ, дауыл.
------------	---